

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

2020 ж. 03.12

Көкшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 243

город Кокшетау

«Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын одан әрі күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 224, «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын одан әрі күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 224 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 27 қарашадағы № 228 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын одан әрі күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 қарашадағы №224 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

2) мына жағдайлар:

• азық-түлік, бірінші кезекте қажетті тауарлар, дәрі-дәрмек және медицина бұйымдарын сатып алу;

• шұғыл жағдай бойынша медициналық мекемеге баруды **қоспағанда**, барлық тұрғындарға, әсіресе 65 жастан асқан адамдарға аса қажетті себептерсіз үйлерінен сағат 21.00-ден 06.00-ге дейін шықпауға ұсынылады.

2-тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын.

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) санитариялық бекеттерден (жол парақтарын, жұмыс нарядтарын, жоспар-тапсырмаларды, тауар жүкқұжаттарын, іссапар құжаттарын, медициналық

мекемелердің жолдамаларын, редакциялық тапсырмаларды, сондай-ақ жеке куәліктерін көрсеткен кезде) мына тұлғаларға кедергісіз **кіруге/шығуға рұқсат**:

- медициналық көрсеткіштер бойынша кіретін және шығатын адамдар;
- транзиттік жолаушылар мен жүк тасымалдаушылары;
- вахта қызметкерлерін тасымалдайтын көлік құралдары;
- COVID-19 таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларына тартылған көлік пен адамдар, ұйымдар;
- тіршілікті қамтамасыз ететін кәсіпорындар (оның ішінде жабдықтарды баптау бойынша сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін кәсіпорындар), көлік пен адамдар, ұйымдар;
- «STOPCORONA.KZ» сайтында тіркелген, қосымша, ПТР әдісімен COVID-19-ға тестілеудің теріс нәтижесі бар, оны алған сәттен бастап **30 тәуліктен аспаған** анықтама болған жағдайда Ақмола облысында тұрмайтын адамдар, тамақ өнімдерін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, көлік пен адамдар;
- осы елді мекенде тіркелген жағдайда, тұрақты тұратын жеріне қайтып келетін Көкшетау және Степногорск қалаларының тұрғындары;
- жұмыс орнын және растайтын құжаттарды қоса отырып, сондай-ақ аса қажет болған жағдайларда кіру және шығу себептерін міндетті түрде көрсете отырып, «STOPCORONA.KZ» сайтында тіркелген жағдайда Зеренді ауданының жақын елді мекендерінің тұрғындарына Көкшетау қаласына/қаласынан кіруге/шығуға рұқсат етілсін. **Көкшетау қаласында тұрақты жұмыс істейтін адамдарды қоспағанда, сайтта қайта тіркелу мүмкіндігімен 7 күннен асырмай мерзімге рұқсат беріледі.**
- COVID-19-ға ПТР әдісімен тестілеудің теріс нәтижесі бар, оны алған сәттен бастап **5 тәуліктен аспаған** анықтама немесе хаттама болған жағдайда облыстық медициналық шақыру комиссиясына баратын/оралатын жергілікті әскери басқару органдарының көлігі мен қызметкерлерін (іссапар куәлігі немесе іссапарға жіберу туралы бұйрық болған кезде), олармен бірге жүретін әскерге шақырылушыларды;
- аумақтық сайлау комиссияларының өкілдеріне қызметтік куәлігін көрсеткен кезде (жүргізуші ретінде бірге жүретін адамға рұқсат етіледі);
- жұмыс орнын көрсете отырып, «STOPCORONA.KZ» сайтында тіркелген жағдайда туризм объектілерінің, жол бойы сервисінің, сондай-ақ ауыл шаруашылығы іс-шараларына, құрылыс жұмыстарына тартылған көлік пен қызметкерлер;

5-тармақтың 59), 60) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

59) ҚР БМСД-нің № 57 қаулысының талаптары, келушілердің санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. сақталған жағдайда, **алаңы 500 ш.м.-ден кем** (жеке тұрған) азық-түлік емес дүкендердің қызметі **жұмыс, демалыс күндері сағат 09:00-ден 20.30-ға дейін** шектелсін;

60) ҚР БМСД-нің № 57 қаулысының талаптары, келушілердің санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. сақталған жағдайда, **алаңы 500 ш.м.-ден кем** сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда желілерінің қызметі **жұмыс, демалыс күндері сағат 10:00-ден 20.30-ге дейін** шектелсін.

2. Меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

3. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



А.Мусина